



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 68 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

*Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы
GFCI рейтингісінде өз позициясын жақсартты*

2014 жылғы 23 қыркүйек

Алматы

Алматы қаласы The Global Financial Centres Index (GFCI) рейтингісінде позициясын жақсартып, алты ай ішінде 15 тармаққа көтеріліп, 83 халықаралық қаржылық орталықтардың арасында 43-ші орынды иемденді.

Шығыс Европа - Орталық Азия аймағында Алматы Стамбулдан кейін екінші орында. Алматыдан кейінгі орындарда Прага, Варшава, Санкт-Петербург, Будапешт, Мәскеу, Таллин мен Афины қалалары тұр.

Бұл - инвестициалық индустрияның 3000 маманының 25 000 жауабы кіретін GFCI рейтингісіндегі үлкен жетістік. GFCI мақсаты болып негізгі қаржылық орталықтардың бәсекегеқабылеттілік деңгейін зерттеу табылады.

2014 жылдың наурыз айында Алматы қаласы жоғарыда айтылған рейтингке алғаш рет енгізіліп, халықаралық қаржылық орталықтарының ресми тізімінің 58-ші орнына іліккен болатын.

GFCI (Global Financial Centers Index) Лондон Ситиді басқаратын Corporation of London муниципалды органына арналып Z/Yen Group Limited компаниясымен әзірленген, 83 халықаралық қаржы орталықтарының (ХҚО) рейтингтік бағалауының мамандандырылған әдістемесі болып табылады.

Алматы қаласының өірлік қаржы орталығы (АӨҚО) - қаржылық орталықтың қатысушылары мен мүдделі тұлғалардың арақатынасын реттейтін және Қазақстан Республикасының қаржылық нарығының дамуына бағытталғын ерекше құқықтық тәртіп. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамыту бойынша қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар: +7 (727) 2788 030, 2788 034, e-mail: Alibek.Nurbekov@nationalbank.kz; Sabina.Belonio@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz).